

Жамбыл облысының ауылдық округі мен кейбір ауылдарын қайта атау туралы

Бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 115 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 24-7 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 3903 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 19 сәуірдегі облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облысының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл облысының мынадай ауылдық округі мен ауылдары:

1) Тұрар Рысқұлов ауданы Новосель ауылдық округі Ақниет ауылдық округі;

2) Тұрар Рысқұлов ауданы Новосель ауылдық округінің Юбилейное ауылы Дінмұхамед Қонаев ауылы;

3) Шу ауданы Төле би ауылдық округінің Зверохозяйство ауылы Көкжиек ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихатының экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс Әкімі
А. Мырзахметов

Облыстық мәслихаттың
сессиясының төрағасы
М. Сәрсенов

Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Б. Қарашолақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК